

7M01505 – ХИМИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ МАГИСТРІ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ

Түлек моделі өз дағдылары бойынша тұрақты жұмыс істеуді, өмір бойы білім алуды, педагогтың қоғам алдындағы әлеуметтік миссиясын орындауды көздейді. Біздің түлектер қазіргі заманғы білім алушыларының тез өзгеретін қажеттіліктерін болжауға дайын мамандар.

Түлек моделі

1. Басқару психологиясының негізгі аспектілерін; басқару өсуінің өзіндік перспективаларын ұғыну қажеттілігін көрсетеді, тұлғааралық қарым-қатынаста, кәсіби және ғылыми қызметте шет тілін игергенін көрсетеді.
2. Қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, жоғары білім беруді реформалаудың өзекті мәселелерін талдайды, химияны оқытудың заманауи инновациялық технологияларын пайдалана отырып, педагогикалық-психологиялық және әдістемелік білім кешенін, педагогикалық еңбек пен зерттеу жұмысын ұтымды ұйымдастыруды ескере отырып, оқу процесін модельдейді;
3. Қойылған міндеттерді шешудің әдістері мен құралдарын таңдай отырып, бейорганикалық, аналитикалық, коллоидтық, физикалық химия және білім беру технологиялары саласындағы ғылыми зерттеудің заманауи мәселелері мен міндеттерін тұжырымдайды;
4. Химия саласында білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдістері мен ақпараттық технологияларын қолдана біледі;
5. Заттар мен материалдарды зерттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу және қолданыстағыларын жетілдіру үшін физика-химиялық зерттеулердің іргелі және заманауи білімдері мен әдіснамасын пайдалана отырып, нақты теориялық және қолданбалы міндеттерді шешу үшін өзінің кәсіби білімі мен дағдыларын қолданады;
6. Органикалық және бейорганикалық синтездің химиялық процестерінің жүру механизмін түсіндіреді, химиялық процестің өтпелі күйлерін, молекулалардың реактивтілігін бағалау үшін реакциялардың статикалық және динамикалық факторларының әсерін талдайды;
7. Өз бетінше ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер жүргізеді, зерттелетін мәселе бойынша қорытындылар мен шешімдер жасайды.